

Ж. Мырзабеков^{1*}, М.А. Домбайчи², Д.Г. Шорманбаева³

¹Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

²Гази университеті, Анкара, Түркия

³Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды, Қазақстан

*e-mail: myrzabekov.jambyl@gmail.com

М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ҚҰДАЙ-АДАМ-ӘЛЕМ» КОНЦЕПТІ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Бұл мақала өте күрделі мәдени-тарихи кеңістікті қамтитын түркі өркениетінің көрнекті тұлғасы М.Х. Дулатидің философиялық көзқарастарын талдауға арналады. Қазіргі таңда түркі-қазақ халқының ойшылдарының шығармашылығын жаңаша кеңістіктік талаптар негізінде талдап, әлемге таныту мақсатындағы бұндай зерттеулер заман талабынан туындаған рухани-мәдени қажеттіліктердің бірі екендігі ғылыми баяндалады. Осыған орай, мақала М.Х. Дулати өмір сүрген ортағасырдағы ой-танымның негізгі арқауына айналған «Құдай-Адам-Әлем» концепті ойшыл көзқарастары негізінде философиялық негізде талданып, тұжырымдар берілді. Мақалада М.Х. Дулатидің адам өмірі мен оның мәні турасындағы ой-толғамдары аталған концептуалдық талдау негізінде қарастырылып, өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Атап айтқанда, философиялық көзқарастарында эмоционализмнің де қолданылуы, тарихи айғақтардың молдығы және маңызды оқиғалардың таңдалып алынуы, теологиялық пікірлердің де астасып отыруы, т.б. Бұған қоса, мақалада «Құдай-Адам-Әлем» концепті арқылы М.Х. Дулатидің адам өмірінің мәні туралы көзқарастары кейінгі XX ғасырдағы батыстық философтардың идеяларымен астасып жатқандығы салыстырыла талданып, әлі де болса тереңірек ғылыми зерделеуді талап ететіндігі ғылыми дәйектеледі. М.Х. Дулати тұжырымдарындағы мұсылмандық-теология негіздеріне сүйенген өмірдің мәні мен мағынасы, тарих философиясындағы адамзат эволюциясының мәні, шынайы өмір, өмірмәнді этикасына талдаулар жасалады. Ойшыл шығармашылығында сол уақыттағы тарихи-саяси, қоғамдық ахуал, ислам дінінің түркі тектес халықтарға рухани әсер-ықпалдарының айқын көрініс табатыны айтылады.

Түйін сөздер: М.Х. Дулати, «Құдай-Адам-Әлем» концепті, ойшыл, өмірмәнді этика, ислам, қоғамдық ахуал.

Zh. Myrzabekov^{1*}, M.A. Dombaychi², D.G. Shormanbayeva³

¹Sherkhan Murtaza International Taraz University, Taraz, Kazakhstan

²Gazi University, Ankara, Turkey

³Abylkas Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan

*e-mail: myrzabekov.jambyl@gmail.com

Philosophical analysis of the concept «God-Man-World» by M.H. Dulaty

This article is devoted to the analysis of the philosophical views of an outstanding representative of the Turkic civilization, M.H. Dulaty, covering a very complex cultural and historical space. The modern scientific community notes that the work of thinkers of the Turkic-Kazakh people is becoming the subject of comprehensive study. Such studies, aimed at presenting spiritual heritage to the world, reflect current cultural and spiritual needs that meet modern scientific requirements. The article examines the specifics of M.H. Dulaty's work, revealing the modern meaning of human life and its meanings. Special attention is paid to the use of emotional aspects in the philosophical views of the thinker, the abundance of historical evidence, the choice of significant events, as well as the intertwining of theological and philosophical ideas. The author substantiates M.H. Dulaty's existential views on the meaning of human life, a comparative analysis is carried out with the ideas of Western existentialist philosophers of the 20th century, which requires further in-depth scientific research. In particular, the differences between the Western understanding of the meaning of life and the existential concepts inherent in the Turkic-Kazakh civilization are demonstrated. The article analyzes the ideas of M.H. Dulaty, based on the principles of Muslim theology, philosophy of history, moral, ethical and ideological concepts. The thinker's work reflects the historical, political and social atmosphere of his time, as well as the spiritual influence of Islam on the Turkic peoples. Structural-functional, hermeneutical and phenomenological research methods were used to substantiate scientific conclusions and analyze the views of the thinker.

Keywords: M.H. Dulaty, existentialism, creativity, religion, ethics of life, philosophy, worldview, Islam, social situation.

Ж. Мырзабеков^{1*}, М.А. Домбайчи², Д.Г. Шорманбаева³

¹Международный Таразский университет имени Шерхана Муртазы, Тараз, Казахстан

²Университет Гази, Анкара, Турция

³Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова, Караганды, Казахстан

*e-mail: myrzabekov.jambyl@gmail.com

Философский анализ концепта «Бог-Человек-Мир» М.Х. Дулати

Данная статья посвящена анализу философских взглядов выдающегося представителя тюркской цивилизации М.Х. Дулати, охватывающей очень сложное культурно-историческое пространство. Современное научное сообщество отмечает, что творчество мыслителей тюркско-казахского народа становится предметом всестороннего изучения. Подобные исследования, направленные на представление духовного наследия миру, отражают актуальные культурно-духовные потребности, соответствующие современным научным требованиям. В статье рассматривается специфика творчества М.Х. Дулати, раскрывающая современное значение человеческой жизни и её смыслов. Особое внимание уделяется использованию эмоциональных аспектов в философских воззрениях мыслителя, обилию исторических свидетельств, выбору значимых событий, а также переплетению богословских и философских идей. Автор обосновывает экзистенциальные взгляды М.Х. Дулати на смысл человеческой жизни, проведен сравнительный анализ с представлениями западных философов-экзистенциалистов XX века, что требует дальнейшего углублённого научного исследования. В частности, демонстрируются различия между западным пониманием смысла жизни и экзистенциальными представлениями, присущими тюркско-казахской цивилизации. В статье проводится анализ идей М.Х. Дулати, основанных на принципах мусульманской теологии, философии истории, морально-этических и мировоззренческих концепциях. Творчество мыслителя отражает историко-политическую и общественную атмосферу своего времени, а также духовное влияние ислама на тюркские народы. При обосновании научных выводов и анализе взглядов мыслителя использованы структурно-функциональный, герменевтический и феноменологический методы исследования.

Ключевые слова: М.Х. Дулати, экзистенциализм, творчество, религия, этика жизни, философия, мировоззрение, ислам, общественная ситуация.

Кіріспе

Түркі дәуірі мен өркениеті бірнеше жылдар бойы тарихшылар тарапынан еуропоцентристік көзқарастар тұрғысынан бағаланды. Ұзақ уақытты қамтитын түркі кезеңінде мәдениеттің, оның ішінде, ғылым мен білім сияқты рухани мәдениеттің дамуы соңғы уақыттарда ғана өзінің оң бағасын алып келеді. Түркі халықтарындағы руханият өзінің эволюциясында әрбір кезең сайын жалғасын тауып отырды. Көне Сақ заманындағы Грек жеріне әйгілі болған Анахарсистен бастап, IX-XII ғасырлардағы мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі түркі ойшылдарының бір топ легімен жалғасын тауып, кейіннен, Алтын Орда және оның ыдырау кезеңіндегі ойшылдармен келіп сабақтасып, одан соң, түркі халықтары әр түрлі хандықтар мен жеке мемлекеттер құрып тұрған кезінде де руханияттық деңгейін паш етіп келді. Бірақ олардың кейбірі, парсы, араб халықтарына телінді.

Шындығында, түркі дүниетанымы – өте күрделі мәдени-тарихи кеңістікті қамтығандықтан, қазіргі таңда түркі-қазақ халқының ойшылдарын жан-жақты зерттеп, оларды әр қырынан ашу қолға алынып келеді. Түркі халықтарына

ортақ тұлғалардың еңбектері қазіргі түркі ғалымдарының одан әрі зерттеу нысанына айналып отыр. Оларды әлемге таныту мақсатындағы бұндай зерттеулер заман талабынан туындаған рухани-мәден қажеттіліктердің бірі.

Бұл өз кезегінде түркілік рухани құндылықтарды тұтастай жаңғырту мен «түбірі бір түркі халқы» идеясының стратегиясына да сәйкес келеді. Кез-келген халықтың, ұлттың дербес мәдениеті болатыны заңдылық. Осы орайда, бүгінгі түркі тілдес халықтар мәдениетіндегі әрбір зерттеудің түркілік өркениеттің маңызын, әлемдік өркениеттегі үлесімен қатар, ұлттық мәдениетіміз бен ой-таным деңгейін де жан-жақты бағамдауымызға мүмкіндіктер беретіні даусыз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының 10-саммитінде жасаған баяндамасында: «Түркі жұрты Байкалдан Балқанға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты жайлап жатыр. Түркі әлемінің өркениеті Ұлы даладан бастау алатыны баршаға мәлім. Осы ортақ құндылықтарымыздың мұрагері – Түркі мемлекеттері ұйымы. Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын одан ары дамытуға мүдделі. Түркі ықпалдастығын тереңдету – ортақ мұрат. Біз «Түркі әлемі» атты жаңа брендті дәріптеуіміз

керек. Сондай-ақ біз түрлі саладағы байланысты орнықтыруға, халықаралық беделімізді көтеруге күш саламыз» (Тоқаев, 2023) – деген еді.

Бұл жерде ортақ мұрат – түркі ықпалдастығын тереңдету екендігін, осы арқылы барша түркі халықтарының ынтымағы барынша нығайып, әлеуеті арта түсетіндігіне ерекше назар аударды.

Осы тұрғыдан алғанда, Протагордан бас-талған бар жаратылыстың өлшемі болып саналатын адам мәселесіне концептуалдық зерттеулер жасау – қайсыбір уақыттың болмасын тың міндеті болып қала бермек. Бүгінгі аса рухани қажеттілікке айналып отырған түркі халықтарының ғана емес, бейбіт өмір, ынтымақтастық қоғам құруда М.Х. Дулати сынды тұңғыш тарихшы, түркі халықтарына ортақ ойшылдың адам жаратылысы мен өмір туралы концепциялық ой-тұжырымдарының маңызды екені анық. Оның ішінде, М.Х. Дулати өз шығармашылығында адамды бүкіл дүниенің қозғаушы күші ретінде сипаттап, кеңінен толғанады. Оларды әрбір уақыт шеңберінде талдап, эпистемалық сипатын берудің ғылыми танымды дамытатыны даусыз.

Осы тұста «Жаңа Қазақстан» жобасын іске асырып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда адам эпистемасына заман талабына сай ғылыми зерделеу жасаудың маңызы зор. Түйіндей айтқанда, түркілік дүниетаным үшін – адам концепциясы – әлеуметтік-философиялық танымның іргелі мәселесі. Оны М.Х. Дулати шығармашылығы желісінде талдап, концептуалдық негізін саралау – жаңа қоғамның өзекті философиялық міндеттерінің бірі.

Зерттеу әдістері

Бұл мақала барысында ойшыл дүниетанымын бүгінгі күн тұрғысынан талдап, адам концепциясын жаңаша герменевтикалық ғылыми дәйектеу басты назарда болды. М.Х. Дулати шығармашылығының философиялық маңызын, оның ішінде адам және адамның дүниедегі мәні туралы ой-тұжырымдарын жаңаша зерделеуде құрылымдық-функционалдық талдау, герменевтика, тарихилық пен логикалық әдістер қолданылды. Соңғы жылдардағы әлеуметтану және антропологиялық зерттеулердің нәтижелері басылымға алынды.

Ойшылдың «Құдай-адам-әлем» концептісіне философиялық талдау жасауда өзектендіру, концептілеу, жүйелеу, әмбебаптандыру әдістері қолданылады.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Адамзаттық өркениет кеңістігінде орналасқан әрбір халық ұлттық мәдениеті мен әлеуметтік болмысының жоғары даму сатысында болғандығын басты мұрат тұтады. Бұл мақсат арқылы түрлі әлеуметтік құрылымдар қалыптасып, сәйкесінше өркениеттер легі жалғасуда. Осы топта өзінің ұлттық тарихы мен рухани құндылықтарын дәріптемеген халықтардың дамудың жоғары межесінде көріне алмайтыны заңдылық. Дегенмен, жаһандану үрдісі осы заңдылықтың бұзылуына өз әсерін тигізуде. Яғни, жаңа тарихи уақытта адамдар ақпараттандыру құралдарының әсерінен қарым-қатынастық шектеуге түсіп, оқшаулануда. Бұны ғалымдар «жаһандану парадоксы» деп атап отыр. Осы себепті де, мемлекетіміздегі барлық азаматтардың руханилық әлемінің сапасы мен болашағы өте өзекті мәселе болып саналады.

Мемлекет басшысы, Қ.К. Тоқаев 2023 жылдың 17 маусымында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пығыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді» [Тоқаев, 2023], – деуі де осыны көрсетеді. Түйіндей айтқанда, мемлекет бүкіл қоғамдық істің барысы адамның рухани құндылықтық жүйесі әлеміне тәуелді болатынын меңзеді.

Адам – жалпы жаратылыстың әлемдік мәселесі. Бұл мәселе туралы толғанбаған ойшыл, кемеңгерлер болмаған. Әрбір философ, ойшыл, ақын-жазушылар мен қайраткерлердің басты ұстанымдары әлемді адам арқылы тану, адам деген күрделі жаратылыстың сырын ашуға үлес қосу болды. «Барлық заттың өлшемі – адам» деген қағиданы ұстанған ежелгі заман ойшылдарынан бастап, түркі халықтарына ортақ ғұламалардың, ұлы Абай шығармашылығында да адам – қоғамның қозғаушы күші, басты тетігі ретінде сипатталынды.

Философ-ғалым Д. Раевтың «Философия тарихының ежелгі көне дәуірінен бастап қоғамның рухани даму мәселесі адамтану мәселесімен байланыстырыла қарастырылып, оның моральдық интеллектуалдық жетілуіне тәуелдендірілгеніне адамзат тарихы куә» (Раев, 2021: 5) деуі де бұл мәселенің аса маңыздылығын меңзейді.

Ал, кез келген дәуірдің жасампаздығы мен жаңашылдығын қалыптастыратын адам мәселесі – М.Х. Дулати шығармашылығының түпкі негізі болып табылады. Әрбір мұсылман ойшылы ретінде М.Х. Дулати үшін адам болмысының рухани адамгершілік негіздері өте маңызды.

Нәтижелер мен талқылау

Түркі әлемінің тарихында бірнеше рет рухани сілкіністер болғандығы да рас. Түркі өркениеті адамзат тарихының бірнеше мың жылдық дамуында айтарлықтай үлес қосты. Олар материалдық және рухани мәдениет аясында өркениеттің өзіндік тамаша жетістіктерін, оның ішінде, өзіндік философиясын да әлемге паш етті. Отандық ғалымдар көшпелі дүниетанымда адам мен қоршаған ортаның, жалпы әлемнің өзара бірлігі, үндестігі, ұштаса даму қағидаты басты сипат алғандығын атап көрсеткен болса, Томас Гоббс сынды ойшылдар конвенционализм қағидасын ұсынса, түркі халықтарының менталитетінде этикоцентризм мен батыс философиясы тұрғысынан айтсақ, экзистенциалдық мәселелер басты орынға шығарылды.

Ең алдымен, М.Х. Дулати – ұлтымыздың тұңғыш тарихшысы. Ойшыл шығармашылығы арқылы әлі де болса ашылмай жатқан тарихи қайшылықты көзқарастарға ғылыми талдау жасай аламыз. Екіншіден, әрбір қоғам мен дәуірдің адам мәселесіне қатысты концептілік ұстанымдары болады. М.Х. Дулати еңбектерінде тарихи оқиғалар мен кезең бейнесін сипаттағанда басты объекті – тарихи тұлғалар, яғни, белгілі бір тұлғаларды суреттеу арқылы адам атты күрделі жаратылыстың құпия сырларын, сол арқылы жалпы болмыстық мәселелерді баяндады. Философ, тарихшы суреттеген ел билеушілер мен хан-сұлтандардың ұстанған парасаттылық, көрегенділік пен адалдық, еркіндікті сүю тәрізді адами ұстанымдары – Жаңа Қазақстан қоғамы үшін де ауадай қажет. Соларды философиялық ғылыми зерделеп, рухани-әлеуметтік маңызын түсіндіру – басты мақсат ретінде тұжырымдалды. Бұл тұста бүгінгі мемлекет дамуының басты саяси құжатына айналған Жолдаулар мен ұлттық жиындарда да жалпы адам санасын өзгерту қажеттілігі көтерілгендігін айта аламыз.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің ойшылдық тұлғасы мен интеллектуалдық әлеуеті шын мәнінде сан қырлы. Әрбір зерттеушінің көзқарасы арқылы түрленіп, жаңа мағынаға ие болады. Ой-

шылдың өзі де ел басқарып, өз заманының талабы мен рухани сұранысына байланысты мемлекеттің ішкі-сыртқы қатынастарына, күрделі жағдайларына ерекше мән беріп, бейбіт жолмен шешуге ұмтылды.

Осы орайда, зерттеуші Б. Қалыбекова Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиді» зерттеуге арналған еңбегінде «Түркі тілдес халықтардың ой жүйесін жасаған» деп баға беруі де тегін емес. Өз еңбегінде ғалым «Философия мен мәдениет тарихындағы ең алғашқы жүйелерден бастап, қазіргі күнге дейін қайта-қайта қойылып, бірақ, өз шешімін таба алмай келген мәселеге адам болмысындағы рухани және тәндік бастаулардың арақатынасын анықтау жатады» (Қалыбекова, 2006: 816.), дей отырып, ойшыл ұғымында жан мен рухтың бір мазмұнда түсіндірілетіндігін ерекше атап өтеді.

М.Х. Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» атты тарихи-сипаттамалық еңбегі мен «Жаһан-наме» атты көркем туындысында XV-XVI ғасырлардағы Орталық Азия мемлекеттері мен халықтарының тарихын қарастырады және сол дәуірдегі қоғамдық өмірге, ондағы орын алған тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғалардың іс-әрекетіне рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан баға беріп, этикасофиялық терең тұжырымдар жасайды. Сол арқылы рухани тәлімгер ретінде адам мәселесін, оның ғаламдағы, қоғамдағы орнын, өзін-өзі жетілдіру мәселелерін, ақиқатқа апарар жолды, тәрбие мәселелерін қозғап, адам баласына деген көзқарасын негіздейді. Демек, әрбір тұжырым арқылы ислам дінінің құндылықтарын терең түсінеміз.

Ойшыл дүниетанымының кеңдігі оның өмірді, адамның болмыстағы орнын, қоғам дамуының ерекшеліктерін терең түсінуге ұмтылуымен айқындалады. Ғалымның пайымы, талпынысы, қоғамдық-саяси, рухани мақсаттары халық мәдениетінен нәр алып, философиялық негізде имандылық пен ізгілікке ерекше мән берген шығыс мәдениетімен толықтырылған. Түркі дүниесіне ортақ тұлға дүниетанымының негізінде өмірдің өзі, ондағы адам мәселесі, оның болмысы жатыр. Өйткені М.Х. Дулати жеке тұлға ретінде дүниенің пайда болуына, адамның өмір сүру мақсатына, қоғамның дамуына бей-жай қарамаған, жан-жақты толғанған.

Бірақ, ең бастысы, ғұлама дүниетанымының философиялық деңгейге көтерілуіне ислам дінінің ықпалы зор болса, оның таралуына ойшылдың ата-бабалары Болажи мен Худайдаттың қосқан үлесі ерекше. Атақты «Тарихи Рашиди»

шығармасын да кітапты жазудағы негізгі мақсаты да осы болғандығы атап айтылады.

Өзінің рухани жетілуінде ұлы Бабыр секілді атақты адамның тәлімін сіңірген ойшыл тұлғалық қалыптасуында өз дәуіріне, қоғамына ықпал ете отырып, өз ұлтының, әсіресе, қарапайым халықтың мүддесін бөрінен жоғары қойды. Адамгершілікке, жақсылыққа ұмтылуға ерекше мән берді.

Тарихи шиеліністер кезеңінде өмір сүріп, өзі теперіш көрген қоғамда тарихи қолбасшы болумен қатар, халқына деген жанашыр ниет-мұраты ойшылдың көрегендігі мен даналығына негіз болды.

М.Х. Дулати өмір сүрген ортағасырдағы ойтанымның негізгі арқауы «Құдай – Адам – әлем» концепциясына негізделді. «Бүкіл ортағасырлар бойы Шығыста – ислам діні, Батыста – христиан діні дүниетанымдық тұрғыда доминантты рөл атқарды. Ақыл мен сенім тұтастығындағы ортағасырлық философияның мынадай өзгешелік белгілері болды: 1) Егер антикалық философияның мақсаты шындыққа жету болса, ортағасырлық философияның мақсаты қасиетті Құранда немесе Інжілде айтылып қойған шындықты, қасиетті сөзді ұғынуға ұмтылды; 2) ортағасырлық философияның негізін теоцентризм, провиденциализм, креационизм, традиционализм құрады; 3) инкарнация (құдаймен бірігу) идеясы адамзат баласы үшін өзін құрбандыққа қиған пайғамбарлардың алдында, Құдайдың алдында күнәһарлықты өтеумен байланыстырылды. Құтқарылу құдайшылдыққа негізделіп, өзінді өзің тану Құдайды танумен (мағрифатпен) түсіндірілді (Шаукенов: 2013: 101).

Осындай философиялық дүниетаным кеңістігінде өмір сүрген М.Х. Дулатидің адам хақындағы ой-тұжырымдары өмір сүру мәнін ұғындыра отырып:

Жоғалмайтын ештеңе жоқ әлемде, ешкім де,
Тек құл ғана қалады орынымда көштің де.
Адам – фәни, өтеді айналасын таң қылып,
Дүниеде бір ғана, Алла ғана – мәңгілік!
(Қойгелді, 2015: 417), –

деп, ең алдымен оның болмысын Құдай жаратқан шексіз, құпия ғаламның бір бөлшегі ретінде сипаттайды.

М.Х. Дулати және «Құдай-Адам-Әлем» концепті

Бүгінгі пәлсафалық дамудың негізгі тенденциясы болып – адам, оның болмыстық мә-

селелері мен ішкі әлемін жан-жақты қарастыру саналады. Адам – бүгінгі қоғамдағы ғылыми танымның күрделі объектісі және тірі ағзалардың ең жоғары деңгейі мен тарихтың, мәдениет пен қоғамның басты субъектісі. Бұл тек біздің отандық философияда ғана емес, жалпы әлемдік тенденция екендігін шетелдік ғалымдар да баса айтуда (Домбайчи, 2014: 317).

М.Х. Дулати да осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, ғылыми-философиялық көзқарастарының басты мазмұны – адам, ол – қоғамның ең жоғары құндылығы дегенді жеткізеді. Ойшыл ғалым ретінде исламдық дүниетанымның ықпалымен «Неге мұндаймыз, кіміз, адамдар қай бағытта дамып жатыр?» деген сауалдар шеңберінде ойланып, ізгілікке құштарлықты насихаттайды. Қолбасшы ретінде тарихи келісім, бейбіт өмірдің жақтаушысы бола жүріп, әрбір ұлт пен халықтың мәдени құндылықтарын, ұлттық ерекшеліктерін құрметтеудің маңыздылығын ерекше атайды. Бұл орайда ғалымдар Т. Кенжебаев пен А. Пак: «Адамның ақыл-парасаты мен сана-сезімінің деңгейі, ой-өрісінің кеңдігі, алған тәрбиесі, рухани құндылықтары, менталитеті, дүниетанымы және қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы ойшылдың көңіліне сөзсіз әсер етті», – деген түйін жасайды (Кенжебаев, 1998: 21).

Әлем – өзгермелі сипатқа ие, дүние жаратылғалы бері уақыт пен кеңістік – егіз түсінікте қарастырылады. Ғұлама философиясында өзгерістің сипаттаушысы – уақыт. Осы уақыт арқылы өткенді саралап, қазіргіні тануға, ал бүгінгі күн арқылы келешекке болжам жасауға болатындығы пайымдалады.

Ойшылдың бұл пікірі – өміршең сипатқа ие, өз кезегінде «экзистенциальная философия создавалась и создается теми, кто вкладывает самого себя, свои личностные переживания, радости и горести в философское творение, а не отстраняется, не пытается быть объективистским, суверенным (Соловьева, 2018:35), – деген тұжырыммен үйлесіп жатыр.

Бүгінгі философияда «ғұмыр кешу» деп аталатын бұл мәселе көбінесе батыстық мазмұнда түсіндіріліп келді. М. Дулати секілді мұсылман ойшылдарының шығармашылығын философиялық талдау барысында ғұмыр кешудің бірқатар түркілік парадигмаларын айқындадық. Әсіресе, шығыстық-мұсылмандық мазмұндағы ғұмыр кешу толғамдарын талдау барысында еуропоцентристік қатаң догмаларды түп-түгел өзгеріске түсіре алатыны байқалады.

Арнайы философиялық бағыт ретінде Еуропада өткен ғасырдың ортасында пайда болған

экзистенциализмге негіз болған да – осы ғұмыр кешу мәселесі болатын. Алайда, бұл философиялық ағымның бастауы өте арыдан басталады. Өткен ғасырда экзистенциалдық мәселелерге философиялық талдаулар көп жасалды. Атап айтқанда, олар психологиялық ұғымдарды философиялаумен айналыса отырып, таза онтологиялық мәселелерді әдіснама ретінде тандап алып, әрбір құбылыс пен танымға айрықша мән берді. Ғылыми талдау барысында психологиялық процестерді осылайша философиялық айналымға енгізудің нәтижелерін «психофилософемдер» деп атадық. Оларға зерігу, жатсыну, үрей мен қамқорлық жасау және басқаларды жатқыздық.

Қазақ ақындары:

«Ғұмыр кешу – жұбаныш,
Бұл өмірдің бағында.
Өмір сүру – қуаныш,
Денсаулығың барында», –

деп жырлағаны да тегіннен тегін емес. Өмірді әркім сүреді, ал, ғұмыр кешу – үлкен амалдар арқылы жүзеге асырылады. Осы мәселеге М.Х.Дулати шығармашылығы негізінде ғылыми саралау барысында түркі-қазақ пәлсапасындағы бірқатар философиялық сарындардың өзіндік ерекшеліктері айқындалды.

М.Х.Дулати – түркі дүниесінің ойшылы, оның шығармашылық мұрасындағы өмір мен оның мәні, адам құндылығы туралы ой-түсініктері мұсылмандық-теология негіздерінен бастау алған өмірлік толғаныстар, рухани әдеп, адамгершілік, тарих философиясындағы адам дамуының маңызы, шынайылық ұғымдарымен астасып жатыр. Бұл туралы ғалым Ислам Жеменей ойшылдың тарихи кітабында сол уақыттағы тарихи-саяси, қоғамдық ахуал, ислам дінінің түркі тектес халықтарға рухани әсер-ықпалдарының айқын көрініс табатынын атап өткен болатын (Жеменей, 2007:12).

Ғұламаның діни экзистенциалистік идеяларында қоғамдағы жеке адам – ең абсолютті болмыс және бір Жаратушы Құдай алдында дәрменсіз күйінде қалады. Сондықтан да ол қоғамдағы жеке адамдардың өліміне қайғырмай, өзінің философиялық толғауларына жүгінеді. Егер адам әлеуметтік, яғни, қоғаммен тығыз қарым-қатынаста болса, ол Құдайдың сүйген құлына айналады алады. Осы себепті де, ойшыл діни тұлғаларды сипаттап, өнегесін жеткізуді мақсат еткен:

Хазіреті Мұстафа сүйіктісі Құдайдың,
Ол жұртына көсем болған жаһанның
Көсем болған сайланып мұсылманда,
Сырлас етіп Әбубәкір Сыдықты да.
Келген соң исламның хақ жеңісі,
Омар болған бақыт тауып себепкері
Ар-ұят кені – Ибн Афған тағы
Жүзінде ашылғандай тек гүлбағы
(Мағауин, 1991:61).

Дулатидің мұсылмандық теологиясы өмірлік мәселелерді және адам өмірі туралы жырлайды. Кейде ол Құдайды мадақтау жырларына жүгінеді:

«Құдыретті, қаһарлы кешірімді о бастан,
Құпиянды окитын көреген де дана асқан
Алам десе – алады, берем десе – береді
Не істесе де жаратқан, пенде дұрыс көреді
(Қойгелдиев, 2015: 452).

Бұл жолдардан байқағанымыздай, адам өмірінің мәнін өз бетінше іздегенімен, Алланың өмірінен тыс қала алмайды, оған қарсы келе алмайды. Өйткені, адамның өзі – рухани жаратылыс. Бұл өлең жолдарында ойшыл адамды тек бір жағынан өз өмірін құруға, белгілі бір шешімдер қабылдауға жауапты және шайтанның ырқына еру немесе жүрмеу мүмкіндігі бар субъект ретінде ғана емес, екінші жағынан Жаратқанның маңдайына жазылғанын орындайтын субъект ретінде қарастырады.

Автордың:

«Өз бетімен келмейді, терең жеміс тамыры,
Ол – Алланың қолдауы, ол – Алланың өмірі»

деген жолдары «барлық нәрсе Алланың қолында» деген ұстанымды қуаттайды (Дулати, 2020: 58). Сондықтан, бір қарағанда, адамның өмірі өз еркіне сай өтіп жатқандай көрінгенімен, адам әрқашан Құдайдың еркіне қайшы келе алмайды, оны қабылдауы шарт, яғни, Алланың ісі қашанда ақиқат, бұл даусыз дәлел.

М. Дулати өз ойлары мен дүниетанымдық ой-толғамдарын негізінен тарихи оқиғалармен байланыстыру арқылы түйіндеп, пайымдайды. Сол дәуірдегі соғыстар мен әскери жорықтарды сипаттай отырып, ол өзінің ерік философиясын дамытады, Жаратушының қалауынсыз ештеңе болмайтынын дәлелдейді.

Бұл бір жағынан табиғи эволюцияның дамуындағы Құдайдың еркін сипаттайтын діни

экзистенциализм болса, екінші жағынан жауынгерлік, қаһармандық рухты тәрбиелейтін идеология. Мұнда да Құдайды ірі соғыстармен және тірі табиғатпен байланысты түсіндіру стильдері айқын көрінеді. Ол өзінің философиялық ойларын батыстық ұғымдар мен категориялар түрінде емес, кейде көркемдік сарында жеткізетін стильді таңдағандықтан, өмірдің мәні мәселесіне діни көзқарас тұрғысынан келіп, оны былайша ұсынады: «Күннің жарқырауы иманымыздың тазалығына, тіршілігіміз күн сәулесінің нұрына байланысты» (Дулати, 2020, 47).

Бұл жердегі «күннің нұрлылығы» оның субъективтік көңіл-күйінен туындап жатса, оны объективті ету немесе «нұрлы» деп қабылдау үшін біріншіден иман тазалығы қажет, ал екіншіден адамның тіршілігі осы күннің жарықтығына байланысты, үшіншіден иман тазалығы адамның болмысын анықтаса, төртінші қорытынды, күннің нұры мен адам баласының бар болуы оған сенуден туындайды. Бұдан өмірдің мәні мен маңызы туралы терең тұжырымдар жасалады, мысалы, «Нұрлы күн» әр адам үшін әртүрлі, ал кейбір кәпірлер үшін ол мүлдем жарық емес.

Бұл бір қарағанда поэзия сияқты көрінгенімен, шын мәнінде бұл күрделі тілмен айтылған философиялық ойлар. Зерттеушілеріміз оның көркемдік стилінен мысалдар келтіре отырып, бейнелеудің ерекшеліктерін былайша түсіндіреді. Осыған орай шығармада: бірқатар фразеологиялық тіркестердің кездеседі: «жанын шүберекке түйіп жүрген, құралайды көзге атқан, ат құйрығын кесісті, кірпік қақпадық, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, тайға таңба басқандай, көңілдері су сепкендей басылды, шаш ал десе бас алған, кара қылды қақ жарған, төбесі көкке жетті» Зерттеуші-ғалым аталған тіркестердің ойшылдың интеллектуалдық тұжырымдарын толық жеткізумен қатар, өлеңнің көркемдік қуатын арттыра түседі деп баға береді (Жеменей, 2007:158).

М.Х. Дулати идеяларындағы өмірлік мәселелер де адамдарға абсолютті бостандық емес, жауапкершілікті беру қажеттігін алға тартады. Адам өмірінің мәні тек ерік пен еркіндікпен ғана емес, белгілі бір міндеттермен де айқындалуы керек. Мысалы, жауапкершілік идеясын жалпылайтын болсақ: адамның өзіне, отбасына, қоғамға, халқына және адамзат алдындағы жауапкершілігі, ал ең жоғарғы жауапкершілік ақыреттегі жауапкершілік болса да, өлшемдері мен деңгейлері түркі-қазақ этикасында арнайы жүйеленбеген, алайда, әр жауапкершіліктің

өзіндік сипаты мен ұстанымы философиялық тұжырымдарында айқын көрініс тапқан.

Адамзат тарихында еркіндік әрдайым негізгі құндылықтардың бірі болып келген. Ол – тұлғаның өз өміріне, ойына, сөзіне және іс-әрекетіне ерік бере алуы. Нағыз еркіндік тек жауапкершілікпен ғана толыққанды бола алады. Егер адам өз бостандығын пайдаланып, қоғамға зиян келтірсе, бұл еркіндік емес, өзімшілдік болады. М. Дулати философиясындағы еркіндік – адам болмысының өзегі. Ол адамды жануарлардан ажырататын басты ерекшеліктердің бірі. Әр адам дүниеге келген сәттен бастап, саналы болмыс ретінде еркін ойлауға, сөйлеуге, әрекет етуге қабілетті. Бұл, ойшыл пікірінше, қоғам мен басқа адамдар алдындағы басты міндет ретінде уәдеде тұруға келіп тіреледі. Бұл жауапкершілік адам еркіндігін, оның рухани деңгейін айқындайтын көрсеткіш ретінде сипатталады. Ойшыл «Құдайдың қылышымен ойнама», басқа да өзіне дейінгі діни мәтіндерден үзінділер келтіре отырып, діннің қоғамдық қатынастардағы реттеушілік қызметін тиімді пайдаланады, насихаттайды. Бұл өз кезегінде бүгінгі қоғам үшін маңызды мәселе. Өйткені, қазіргі қоғамда еркіндік белең алып, жауапкершілік төмендеуде. Демек, тепе-теңдік бұзылды. Осының әсерінен жеке тұлға ғана емес, бүтін қоғам бұзылады.

Яғни осыған дейін атап өткеніміздей, цифрлық қоғамда өмір сүруші адам еркіндік пен жауапкершілікті ұштастырып, жақсы да, жаман да емес, ең әуелі адам болуы, адами болмысын сақтап қалуға ұмтылуы, ал оны жүзеге асыру үшін еркін және жауапты болуы тиіс (Бекенова, 2023: 171).

